

существованию возглавляет всю юридическую систему страны, он обеспечивает верховенство закона и права в исполнительной системе всего правительства. Министр юстиции настаивает на том, что юридический советник — это простой юрист-консульт, который от имени своего работодателя выступает в суде или защищает интересы работодателя в каких-то конкретных спорах, несмотря на полномочия, которые существуют у него [5]. Таким образом, Левин хочет, чтобы юридический советник не указывал правительству что делать в том или ином случае, а лишь подсказывал каждому из своих министров как тот министр может поступить в конкретном случае в соответствии с существующим законодательством.

Государство Израиль, являясь демократическим государством, до настоящего времени так и не приняло конституцию, которая бы устанавливала высший статус и принцип разделения властей. Израильская судебная система обладает уникальными свойствами, которые присущи только этой стране. Главенствующую роль в Израильском законодательстве играют принципы и нормы, лежащие в основе организации судебной системы. В ней содержатся только основополагающие принципы, которыми любой суд должен руководствоваться при отправлении правосудия. Каждое судебное решение должно быть принято только на основании существующего в Израиле закона. Израиль является одной из немногих стран, где религиозные суды, являющиеся судами со специальной компетенцией, уживаются с судами общей юрисдикции и позволяют мирно сосуществовать народам, исповедующим разные религии в одном правовом поле. При этом роль и значимость этой системы для урегулирования общественных отношений имеет большое значение для сравнительного правоведения, поскольку позволяют рассмотреть различные подходы к формированию и развитию судебной системы.

#### Список литературы:

1. Закон государства Израиль от 04.09.1953 года «Закон о юрисдикции раввинских судов (брак и развод)» [https://www.nevo.co.il/law\\_html/law01/317\\_003.htm](https://www.nevo.co.il/law_html/law01/317_003.htm)
2. Информационный форум Израиля <https://rotter.net/forum/gil/27958.shtml>
3. Информационный сайт государство Израиль «детали» <https://detaly.co.il/yariv-levin-gotovit-perevorot-v-sudebnoj-sisteme/>
4. Информационный сайт государство Израиль «Вести» <https://www.vesty.co.il/main/opinions/article/hkjaik4ci>
5. Научно-информационный центр Кнессета [https://fs.knesset.gov.il/globaldocs/MMM/84bc8d55-f7f7-e411-80c8-00155d010977/2\\_84bc8d55-f7f7-e411-80c8-00155d010977\\_11\\_10955.pdf](https://fs.knesset.gov.il/globaldocs/MMM/84bc8d55-f7f7-e411-80c8-00155d010977/2_84bc8d55-f7f7-e411-80c8-00155d010977_11_10955.pdf)

### С.З. ЗИМАНОВ: ҚАЗАҚ ҚҰҚЫҒЫ – ХАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЙНАСЫ

*Серикбаева С.С., з.ғ.м., аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті*  
*Байжанова К.Т., з.ғ.м., аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті*

Қазақ құқығы жер шарының Орталық Азия бөлігіндегі кең даладаның табиғатымен біте қайнасып қалыптасып орныққан халық өркениетінің мәдени құндылық құбылысының бірі десек болады. Тарихи деректер мен әдебиеттерде суреттегендей Ұлы даланың қойнауында мекен еткен этникалық бірлестіктердегі ортақ тіл, еркін аймақ, шаруашылық қалыптастырып жүргізу ерекшеліктерімен өзіндік даму айырымдарымен тарихқа енген Қазақ хандық мемлекеті мен оның құқықтық жүйесі әлі күнге зерттелуде және зерттеуді қажет етеді. Қазақтың әдет-ғұрып құқығының құндылығы оның бостандық, еріктілік пен әділеттілікке негізделген қасиеттері, яғни дала демократиясы атанған шеңберде дамуында болып отыр. Осы ел тарихының мемлекеттік құрылымы мен құқықтық жүйесін зерттеп

жария етуде заң ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері және қазақ тарихы ғылымы аянбай өлшеусіз үлес қосқан Салық Зиманұлы Зимановты елімізде ғана емес, ғалымдардың әлемдік қауымдастығы да жоғары бағалайды.

«Салық Зиманұлы тәуелсіз Қазақстанның құқықтық негіздерін қалыптастыруға орасан зор еңбек сіңірді. Ол мемлекеттік, егемендік туралы декларацияны, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы конституциялық заңды – алғашқы Ата-заңымызды әзірлеуге атсалысты. Сондай-ақ Қазақстандағы парламентаризм институтын дамытуға барынша үлес қосты. Әсіресе, еліміздің саяси және құқықтық даум тарихы, билер институты сияқты үлкен тақырыптарды терең зерттеді. Оның мол мұрасы алдағы уақытта да ел игілігіне айнала беретіні анық. Салық Зиманұлы ұлағатты ұстаз ретінде көптеген білікті заңгер тәрбиелеп өсірді. Туған еліне қалтқысыз қызмет еткен Салық Зимановтың ғибратты ғұмыры жас ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге»[1].

Ғалым - заңгер С.Зиманов өз еңбектерінде қазақ құқығының негізгі қайнар көзі – Ұлы даланың нормативтік ережелер жүйесі қаншама ғасырлар бойы тікелей және жанама түрде әр түрлі мемлекеттер тарапынан қысым көріп, олардың идеологиясының әсерін сезінсе де, өзінің таңқаларлық өміршеңдігін сақтап келді. Бірақ қазақ қоғамы осындай күштердің әсерінен өзгерістерге ұшыраса да оның құқықтық мәдениеті мен тіл мәдениетін ешкім, ешбір күш өзгерте алмады деп пайымдаған болатын. Ұлағатты ұстазымыз, ғалым, ойшыл өз еңбектерінде мемлекетімізді «Қазақия», құқықтық жүйесін «Қазақ құқығы» - деп жазады. Бірақ, әлі күнге біз «қазақ әдет-ғұрып құқығы» - деп оқып жүрміз. Бір уақыт сол қазақ әдет-ғұрып құқығының дамуы мен тарихына көз жүгіртейікші...

Қазақтардың ежелгі дәстүрлі құқықтарының пайда болуын сөз еткенде біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірдегі патриархалдық қоғамдағы қалыптасқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, заң тәртібі ретінде қолданылған жол-жора, үкім-кесімдердің құқықтық өлшемдерін айтпай кетуге болмайды. Өйткені көз-келген қоғам өзінің дамуындағы бастапқы кезеңдегі адамдардың түсінік пайымынан туындаған әдет-ғұрып заңдары қоғамдық құрылыстағы құқықтың негізін жасауға ұйтқы болған. Мемлекеттің саяси басқаруындағы құқықтық ұғым, қоғам сферасындағы мән-жайлардың ерекшеліктерін танып білуге қосар үлесі мол. Ол мемлекеттік және әкімшілік басқарудағы әлеуметтік реттеудің нормаларын қалыптастырады.

Әлімсақтан келе жатқан Қазақ мемлекетіндегі әдет-ғұрып ретінде қалыптасқан құқықтың үш жолы бар екені теориялық тұрғыдан танылған. Бұған өзіміз сөз етіп отырған заң орнына жүрген құқықтық әдет-ғұрыптарды, соған лайықты қолданылған нормативтік актілерді, сот ісіндегі үлгі (прецедент) болған билер шешімін айтар едік.

Біз жоғарыда қандай қоғамдық құрылыста болмасын құқықтың ажырамас үш тірегі бар екенін айтқанбыз. Өмір сүрудегі материалдық жағдайлар, адамдар арасындағы адамгершілікке, ар-ұят, әдепке негізделген имандылық өлшемдері, құқық саласына бөлінген нормативтік актілерді реттеп отыратын, оны қоғамға лайықтап қалыптастыратын мемлекеттік билік өзара тұтаса келе, әр түрлі методологияға негізделген қызметтерді атқарады. Бұл арада осы айтылған құқық нормаларын жасауға халық тікелей қатынасатынын ескерсек, адамгершілікке арқау болған имандылық әр халықтың туа бітті қалыптасатын сана-сөзіміне, әдет-ғұрпына, ар-ұяттан туындайтын жұртшылық (рулас және тайпаластарының) пікірлеріне сай келіп, шарт талаптарынан шыға білсе, беделі зор болғандығы. Ал, бұл қазақ құқығының өзіндік қырын айқын аңғартады. Әрбір қауымдастықтағы халықтың ұжымдық пікірі жаман қылықтарды жасамауға тыйым салып отырған. Иmandылық өлшемінен шығып кеткендерге, теріс қылық танытқандарға, зорлық-зомбылық істегендерге, жауыздық, ұрлық-қарлық жасаған адамдарға жазалау шарасын белгілеген. Мұндай маңызды іске билік айту, әрине, мемлекет құзырына тиесілі екені айдай анық нәрсе. Қазақ әдет-ғұрып құқығы ұғымы туралы айта отырып, біз «әдет» терминінің мағынасын анықтауға тиіспіз. Шығыс халықтарында ол жөн-жоралғыларды немесе қоғамда қалыптасқан дағдыға сай өзін-өзі ұстау ережелерін атау үшін қолданылады. Бұл терминнің шығу тегіне байланысты ғалымдар арасында түйінді пікір

жоқ. Зерттеушілердің көпшілігі әлі күнге оның арабтың «әдет-ғұрып» ұғымын беретін «адат» сөзінен туындаған деген тұжырымды мақұлдайды. Дегенмен, арабтарда осы мағынаны беретін және көптеген шығыс халықтарында «әдет» ұғымында қолданылатын «урф» (ғұрып) дегенде сөз бар. В.П. Каграманов «адат» – араб сөзі емес, әзірбайжан сөзі деп есептейді, бірақ оның кітабында осы ойды дәлелдейтін ешқандай нанымды дәйек келтірілмеген. Біз «әдет» сөзінің шығу тегі туралы мәселеге мән бермейміз, ол сөз бізді негізінен құқықтық тұрғыдан қызықтырады [2, 425].

«Әдет» – ислам дінінің кеңінен тұтынатын халықтардың әдет-ғұрып құқығы. Әдеттің. – түпкі негізі Құран болып саналатын мұсылмандардың діни құқығы – Шариатқа қарсы қойылады». Алайда «әдет» сөзі әдет-ғұрып құқығы ұғымымен шендеспейді. «Әдет» дегенде, оны халықтың жалпы әдет-ғұрыпы деп түсіну керек, яғни ол заңдық әдеттердің жиынтығы боп саналатын әдет-ғұрып құқығы ұғымынан әлдеқайда кең мағынада. Н. Торнау арабтардың құқық бастауы саналатын заңдық әдет ұғымын білдіру үшін «урф» сөзін қолданатынын атап көрсетеді. Дегенмен, оның пікірінше, «араб тілінде «еркін заңнама» ұғымын беретін заңдық термин жоқ, ал, «урф» немесе «адат» сөздері кәдімгі әдет-ғұрып мағынасын береді».

Қазақтарда да «әдет» термині кәдімгі әдет, яғни дағды мағынасында қолданылады, бұл жерде құқықтық және құқықтық емес әдеттің арасына ешқандай шек қойылмайды. Оларда әдет-ғұрып құқығы ұғымына дәлірек сәйкес келетін «заң» атты басқа термин де бар. Алайда бұл термин әдет-ғұрып құқығын ғана емес, сонымен қатар заң ұғымын да білдіреді. Бұл жұмысымызда біз «әдет» сөзін кеңес әдебиетінде қалыптасқан әдет-ғұрып құқығы мағынасында қолданамыз.

Әдет-ғұрып дәстүрінің тарихи жүйесін, рухаи дәстүрін, мәдениетін, ғылыми тұрғыдан зерттеп оның мән мазмұнын ашу ұлттық қазынамызды терең білумен қатар оны саналы да тиянақты пайдалануға пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақ елінің ежелден келе жатқан дәстүрлі құқығының мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан қоғамдық формацияларда мемлекеттік билік саласына қосқан құқықтық үлесін түгел талдап, тауыса алдық деп айта алмаймыз. Ғасырлар бойы ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрыпы үшін қызмет атқарған дәстүрлі құқықты түпсіз де шексіз теңізге балауға болады. Әдет-ғұрып құқығы – құқықтық жүйенің тарихи бастапқы үлгісі. Ол – мемлекет санкциялайтын заңдардан тұратын құқықтық жүйеден айрықша құбылыс.[3] Бұл айрықшалықты әдет-ғұрып құқығының тарихи контекстінде, әлеуметтік-саяси мән-мағынасы мен өміршендігін қамтамасыз ететін құндылықтарында байқауға болады. Әдет-ғұрып құқығы өзінің кез келген параметрлері бойынша – ішкі мән-мазмұны, сыртқы пішіні, мінез-құлықты реттеу мүмкіндігі мен оған ықпал ете алу мүмкіндігі – адамзат мәдениетінің ерекше шығармасы болып табылады. Әдет-ғұрып құқығы – бұл, ең алдымен, құқықтық қағидаттар, көзқарастар жүйесі және оларды жүзеге асыруға бағытталған нормалар жүйесі. Әдет-ғұрып құқығының нормалары дәл және мүлтіксіз орындалуға және қолданылуға арналмаған. Олар тәртіптіліктің классикалық үлгісі ретінде қабылданған. Әдет-ғұрып құқығы нормаларында негізгісі – бұл олардың ішкі мәні мен олардың астарында жатқан қағидаттары. Басты мақсаты – осы қағидаттарды мән-мазмұнын жоғалтпастан іске асыру. Әдет-ғұрып дәстүріміздің тарихи тамырларына мән бері, уақыт, заман қажеттегіне үйлестіре қолдансақ салауаттығымызды, өрениеттігімізді жетілдіріп тәуелсіз, еркін, дербес мемлекетіміздің көркеюіне ықпал ететін ыждаһатты тәлім жолы болып табылады. Бұл дәстүрімізді жүзеге асыра білсек халықтық тәрбие, ғылымның теориялық, практикалық арнасы кеңейтеді, өмірлік мәнін арттырады. Қазақтың ата заңдарын тынбай зерттеп, басқа бірде-бір халықта болмаған билер сотын әлемдегі ең әділ сот жүйесі, қазақ өркениетінің әлем өркениетіне қосқан дербес, озық үлгісі екеніне алыс-жақынның көзін жеткізген де көрнекті ғалым, данышпан ойшыл, ұлағатты ұстазымыз С.З.Зиманов болды. Қазақстандық құқықтанудың, заң ғылымының, мемлекет және құқық тарихының негізін салушы ретінде ол бүгінгі ұрпақтар үшін терең білімге, жаңа идеяларды тынбастан іздеуші әрі оны жүзеге асыруға табанды ұмтылудың шынайы

үлгісіне айналды. Қазақстанның ғылыми ойының дамуының тұтастай бір дәуірі Салық Зиманұлының есімімен байланысты.

Қазақ құқығын, оның тарихын, нормативтік құрылымын, көшпелі өмірдің демократиялық мәдени құндылықтарын зерттеу кеш басталды. Оған кедергі болған жағдайды барлығымыз да жақсы түсініп отырмыздесек те болады. Кеңес өкметі тараған соң ғана қазақ елінің тарихын қайта саралуға мүмкіндік алып, ендігі жерде мемлекетіміздің өзекті мәселесіне айналдырдық. Орыс және Еуропа зерттеушілерінің де қазақ құқықтық жүйесін зерттеуге деген қызығушылықтары жоғары болғаны тарихтан мәлім. Оның дәлелі ретінде А.Левшин қазақтың құқықтық өмірінде «Алтын ғасыр» дәуір болғандығы туралы алғаш пікір білдірсе, А.Янушкевич шешендігі мен дүниетанымдық қабілеті көпшілікті таңдандырады деп баяндауын тілге тиек ете аламыз. Бұның бір себебін өзге елдердің құқықтық жүйесінде кездестіру мүмкіндігі жоқ, көшпелі мемлекеттің мәдениеті мен дала демократиясына негізделінде және Сөз бен Заңның үстемдігін қолдаған өзіндік ішкі идеология сырында екендігінен көруге болады.

Қазақ қоғамында Сөз құдіретін жоғары бағалаған. Қазақ құқығының дүниеге келуінің себепкері десек пе, жоқ әлдеқозғаушы күші десек пе ол Сөз құдіреті мен Заң құдіретінің үстемдік етуі еді. Дауласқандарды, жауласқандарды бір ауыз сөзбен тоқтатып отырғандары туралы дәлелді біз билер институтының қызметінен көре аламыз. Шешендік өнер адамдардың қарым-қатынастарының барлық деңгейлерінде негізгі құрал болып табылды. Қазақ құқығының нормаларын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші, әрі реформаторы, сот билігін ел бірлігі мен тұтастығына арнаған, салт-дәстүрді берік ұстана отырып оның қолданылуын шеберлікпен жүзеге асырған билер институты әрекет етті. Қазақ халқының мерейін өсіріп мүддесін жоғары ұстанған билер тобы қашан да қоғамның бақылауында болды. Міне, бұл дала демократиясының айқын көрінісінің белгісі болмақ. Қазақ би институтының моральдық-құқықтық мәртебесі халықтың «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген талабынан көрініс табады. Сондай-ақ, төбе биіміздің бірі Әйтеке бидің «өмірім өзгенікі, өлімім ғана өзімдікі» - деген өсиет сөздері нағыз дәлелі сияқты.

Осы тұста тағы бір айта кетер жағдай ол дана ойдың иесі, еңбекқор, ардагер ұстазымыз С.З.Зимановтың журналистерге берген сұхбатында «қазіргі кездегі ең басты мақсат халықтың құқық қорғау жүйесіне деген сенімін қайта қалпына келтіру» - деген пікірі жалғасын тапса ұстаз арманының орындалғаны деп білеміз.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы ережелері – өзінің құрылымы мен қисындылығы жағынан ұтымды, жинақы және көркем бейнелейтін, есте сақтауға өте ыңғайлы, қолайлы сонымен қатар, меңгеру жағынан табиғи қажеттілікке сай келетін нормалардан тұратын құқықтық жүйе. Әр бір құқықтық ереже адамзаттың қажеттілігін қамтамассыз ету жағдайымен туындап, тәжірибеде қолдануының өзінен тәлім – тәрбиеге тұнып тұрғанын көре аламыз. Қазақ құқығының қай институтын алсақ та адамгершілік пен ар-ұят, абырой, әділдіктің жалауы жоғары болғандығы анық. Отбасы, бала тәрбиесі, мұра қалдыру, өсиет ету, аманат ету, ант беру институттары пікірімізді нақтылай түседі. Мысалы, халқымызда мынадай «малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы» деген мақалдың тәркінінен түсінуге болады. Арлылық – адам бойындағы ең асыл қасиеттің бірі. Арлы кісі ұят, иба, намыс, қанағат, әдеп, шүкіршілік секілді бірқатар игі қасиеттерді бойына жинақтай білген мол парасат егесі. Қазақ халқы талайлы тағдырында сан түрлі қиындықтарды бастан кешсе де, арына дақ түсірмеген текті халық. Артық күлкі, артық ұйқы, артық тамақтың өзін арсыздыққа балаған ата-бабаларымыз ар тазалығына өткір сынмен қараған. Ел ішінде кең тараған «Мал сақтама, ар сақта», «Ердің құны бір ділдә, абыройы мың ділдә», «Ар иманның жолдасы», «Ақылың болса, арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта» деген нақыл сөздер соның белгісі. Осы орайда қазақ әдет-ғұрып құқығы халықтың өмірімен, тұрмыс тіршілігімен, табиғатымен біте қайнасып жатқандығы оның мәдениетінің айнасы десек қателеспейміз.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы мен бидің билігін әртүрлі тұрғыдан зерттеу жалпы көшпелі қоғамның цивилизациясы мұрасының бірі ретінде сипаттай отырып құқықтық мәдениет аясындағы орны мен ерекшеліктерін ашып көрсету міндет болып табылады. Сондай-ақ қазақтың қазақ құқығының мазмұны халықтың тыныс-тіршілігінің өзегімен қаттасып жатуы, халықтың өзіне жақын болуы мен адам баласының мәңгілік рухани бітім болмысына, сұранысы мен талабына сай болды.

Қазақтың ата заңдарын тынбай зерттеп, басқа бірде-бір халықта болмаған билер сотын әлемдегі ең әділ сот жүйесі, қазақ өркениетінің әлем өркениетіне қосқан дербес, озық үлгісі екеніне алыс-жақынның көзін жеткізген де С.З.Зиманов болатын. Билер: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік – осы төрттің құлы дейді халқымыз. Заңгерлердің ұлағатты ұстазы бола білген қаншама шәкірттер тәрбиелеп өнегесі үгі болған ғалымымыз С.З.Зиманов осы асыл қасиеттерді өмірінің туы ғып, оны ешқашан түсірмей өмірден өтті.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақтан шыққан тұңғыш заң ғылымдарының докторы, профессор, академик Салық Зимановтың туғанына 100 жылдығына орай өткен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ашылу салтанатына жолдаған Қасым-Жомарт Кемелұлының Құттықтау хаты.

2 Қазақтың ата заңдары IV том. Алматы «Жеті Жарғы», 2005, -551 б.

3 Әлімжан Қ.А. Қазақстан Республикасында сот тәжірибесіндегі дәстүрлі құқық доктринасы // Правовая реформа в Казахстане, 1999, № 3.

### ҚОРШАҒАН ТАБИҒИ ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ОСЫ САЛАДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Сопыханова А.Б., з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Е.А. Бөкетов атындағы  
ҚарУ заң факультеті*

Бейбітшілік, қауіпсіздік, экологиялық басқару аясындағы құқықтық реттеу, қолайлы табиғи ортада жағдай жасау құқығы –қазіргі кезде Қазақстан және өзге мемлекеттерде өзекті мәселелері болып табылады. Қоғам мен табиғат арасындағы қарама-қайшылықтардың өсуіне байланысты экологиялық проблемалардың қауіпі өсуде. Қазір пайда болып жатқан экологиялық проблемалар –тек табиғат факторларына ұзақ уақыт бойы әсер ету мен өндірістік қызметтердің дамуымен ғана емес, табиғаттың сарқылмастық көзқарасы [1; 208].

Қоршаған орта зерттеуанализі бойынша, бұл жағдай Қазақстан экономикасының ұзақ уақыт бойы қаржылық шешімдерді қабылдау кезінде, өзге мемлекеттермен бірдей қабылданған экологиялық талаптарға көңіл аудармауынан осындай жағдайда болуда. Сондықтан экологиялық саясатты жетілдіру мен қоршаған ортаның жағдайын түзету мәселелер шет елдермен басты орынға қойылатын табиғи ортаны қорғау жөніндегі мәселелер мемлекеттік органдардың пайда болуы мен қызмет етуіне тікелей байланысты.Экологиялық салада мемлекеттің орны ерекше және барлық шет елдерде экологиялық жағдайды орнықтыру және жақсартуға, табиғат объектілерін ұтымды пайдалану, экологиялық субъектілер арасында экологиялық басқаруды, табиғи ортаны келтірілген зияннан қорғау үшін құқықтық қатынастарды реттеуге ерекше көңіл бөлініп отыр. Осы ерекшеліктер барлық мемлекеттердің экологиялық басқару органдардың нысаны бойынша құқықтық жүйеге тиесілі, ал мазмұны бойынша экологияға тиесілі [2; 214].